**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы «Санаториялық үлгідегі Балдырған балалар»КММ**
**Музыка жетекшісі: Абдрахманова Б.Қ**

**Топ: Кіші «»**
**Балалардың жасы: 2 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 03.04.-07.04.2023ж**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 03.04.2023жыл | Сейсенбі 04.04.2023жыл | Сәрсенбі 05.04.2023жыл | Бейсенбі 06.04.2023ж | Жұма 07.04.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгілік жаттығулар** | **Таңертеңгі жаттығуларды музыка сүйемелдеуімен,би қимылдарымен жасау.** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Музыка залын желдету, іс-әрекетіне арналған көрнекілік құралдарын дайындау. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | | Әуен ырғағын тыңдап, кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану, әннің сөзін анық айтуын дамыту, ән, музыка арқылы көктем көріністерін сезіне білуге, көктем құбылыстарын ажырата білуге үйрету. **Ән тыңдау:** «Жалауша» (музыкасын жазған А.Тоқсанбаев, сөзін жазған И.Сапарбаев). **Ән айту:** «Жаса мәңгі ана тілім!»» Б.Жұмабекова **Әуенді ырғақты қимыл:** «Тыңдап таны» Шапшаңдыққа, дәлдікке баулу. **Ойын:** «Ыстық, суық» **Шарты:** Балалар серуенге шығып, шеңбер бойы айналып ақырын жүре бастайды. Күннің суреті | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | көрсетілгенде ән айтып көңілді билеп жүреді, қардың суреті көрсетілген сәтте орында қатып қалады. Қайтадан күннің суретті көрсетілгенде әнді тоқтаған жерінен жалғастып айтып жүрулері қажет. | | |
| **Баланың жеке картасына қарап баламен жеке жұмысты дамыту** | Баламен музыкалық ойын ойнау, эмоциялық қалпын көтеру. | Иллюстрациялар, әңгімелер арқылы шығарманы сезіне білуге үйрету, суреттер қолданып, қалалар, ауыл, туған жер туралы әңгімелесу. | Музыканың иллюстрациялық құралдарын қабылдап, ажырата білуге үйрету, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау | Әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге, салыстыруға, әнді көңілді,анық дауыспен таза айтуға үйрету. | Ән тыңдау арқылы, ән айту арқылы музыканы сүюге тәрбиелеу |
| **Құжатпен жұмыс** | Циклограмма жазу.<br>Ұйымдастырған іс-әрекетіне дайындық жұмыстары | | | | |
| **Топпен жұмыс** | Әртүрлі иллюстрациялар арқылы балалардың музыкаға деген қызығушылығын арттыру, музыка тыңдауда музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру; | | | | |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы «Санаториялық үлгідегі Балдырған балалар»КММ**

**Топ: Кіші «»**
**Балалардың жасы: 2 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 10.04.-14.04.2023ж**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 10.04.2023жыл | Сейсенбі 11.04.2023жыл | Сәрсенбі 12.04.2023жыл | Бейсенбі 13.04.2023ж | Жұма 14.04.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Танертенгілік жаттығулар | Танертеңгі жаттығуларды музыка сүйемелдеуімен,би қимылдарымен жасау. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Музыка залын желдету, іс-әрекетіне арналған көрнекілік құралдарын дайындау.<br>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысына кажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | | | Балаларға музыкалық аспаптарды ойын әрекетінде колдануды үйрету, аспаптарда ойналған әуеннің адамға берер әсері кандай, мағынасын түсіндіре білу, әуен ырғағына сәйкес аспаптармен қимыл жасай білуге үйрету.<br>**Ән тыңдау** «Балабакша» Ж.Қалжанова<br>**Ән айту:** «Болайыкшы осындай» А.Менжанова<br>**Әуенді-ырғакты кимыл:** «Сылдырмакпен» Б.Дәлденбаев<br>**Ойын:** «Қай аспап ұнайды»<br>**Шарты:** Балалар өздеріне ұнайтын аспапты таңдап алып, музыка жетекшісінің берген ырғағын | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қайталайды. Мысалы: жай ойнайтын жеріне жай, тез ойнайтын жерінде тез мимикалық қимылдармен көрсетеді. | | |
| **Баланың жеке картасына қарап баламен жеке жұмысты дамыту** | Асатаякта орындалған музыканы тыңдауға, бірдей қарқында ән салуға үйрету. | Музыкалық аспаптарға деген қызығушылығын ояту, дамыту, ойын барысында аспаптарды қолдана білуге талпындыру. | Аспап сазынан естіп-білуге, оны ойын кезінде қимыл- қозғалыспен бейнелей білуге баулу, әуенді тыңдау, есте сақтау, балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру. | Аспаптар әуеніне ілесе ән айтуға, ойын-қимыл арқылы ырғақты сезіндіру. | Музыканы тыңдауға, әннің мағынасын түсінуге қалыптастыру. |
| **Құжатпен жұмыс** | Циклограмма жазу.<br>Ұйымдастырған іс-әрекетіне дайындық жұмыстары | | | | |
| **Топпен жұмыс** | Аспаптармен танысу, үнін тану, қарапайым ырғақ соғуда қолдану, таныс аспаптарды ойын әрекетінде қолдану; | | | | |

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы «Санаториялық үлгідегі Балдырған балалар»КММ

Топ: Кіші «»
Балалардың жасы: 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 17.04.-21.04.2023ж

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 17.04.2023жыл | Сейсенбі 18.04.2023жыл | Сәрсенбі 19.04.2023жыл | Бейсенбі 20.04.2023ж | Жұма 21.04.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Таңертеңгілік жаттығулар | **Таңертеңгі жаттығуларды музыка сүйемелдеуімен,би қимылдарымен жасау.** | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | **Музыка залын желдету, іс-әрекетіне арналған көрнекілік құралдарын дайындау. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.** | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | | | Музыкалық аспаптарды қолдана отырып, дыбыс жоғарылығын, ырғақтың мәнерлілігін түсіне, ажырата білуге талпындыру, әннің ырғағын сақтап, көңілді, еркін орындауға төселдіру, музыкаға сәйкес қысқа ойын қимыл қозғалыстарын бере білуге талпындыру, аспаптың сүйемелдеуіне бейімделу<br>**Ән тыңдау:** «Көңілді балалар әні» Б.Дәлденбай, Е.Өтетілеуұлы.<br>**Ән айту:** «Қасиетті домбыра» Б. Бейсенова<br>**Әуенді ырғақты қимыл:** «Аяқпенен топ, топ».<br>**Ойын:** «Барабан не дейді»<br>**Шарты:** Балалар ортаға | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | үлкен шеңбер ішіне жиналады. Жетекші барабан аспабында ойнайды. Марш екпіні ойналғанда балалар марш жасап әрі-бері жүре бастайды, өте шапшаң жеңіл ырғақ соғыла бастағанда балалар жеңіл жүгіреді, бір рет қатты соғылғанда қатып қалады. Барабанның соғысы өзгерген сайын «Барабан не дейді?» деген сұрақ қойылып тұрады. | | |
| **Баланың жеке картасына қарап баламен жеке жұмысты дамыту** | Аспаптарда орындалған дыбыстарды тыңдап, ажыратуға үйрету. | Балалардың аспап туралы түсініктерін қалыптастыру, аспапта орындалған әнді мұқият тыңдай отырып, сипатын ажырата алу | Ән салуда аспап сүйемеліне бейімделу, ән ырғағын дәл сақтап орындау дағдыларын жетілдіру, музыкалық есту, есте сақтау қабілеттерін дамыту. | Музыкалық аспап арқылы бала бойындағы дүниетанымдық, адамгершілік қасиеттерді дамыту. | Музыканы тыңдауға, ілесе айтуға шақыру, аспаптарды қолдана отырып, би ырғақтарын жасауға талпындыру. |
| **Құжатпен жұмыс** | Циклограмма жазу.<br>Ұйымдастырған іс-әрекетіне дайындық жұмыстары | | | | |
| **Топпен жұмыс** | Балалардың ән айтуда аспаптың сүйемелдеуіне бейімделу, аспапты есту, сезіну қабілетін дамыту | | | | |

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы «Санаториялық үлгідегі Балдырған балалар»КММ

Топ: Кіші «»
Балалардың жасы: 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 24.04.-28.04.2023ж

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 24.04.2023жыл | Сейсенбі 25.04.2023жыл | Сәрсенбі 26.04.2023жыл | Бейсенбі 27.04.2023ж | Жұма 28.04.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Таңертеңгілік жаттығулар | Таңертеңгі жаттығуларды музыка сүйемелдеуімен,би қимылдарымен жасау. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Музыка залын желдету, іс-әрекетіне арналған көрнекілік құралдарын дайындау. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | | | Музыкалық сюжеттік ойындар арқылы балалардың есту, есте сақтау, ырғақты сезіне білу дағдыларын қалыптастырып дамыту, музыкадағы дыбыстардың темпін ажырата білуге үйрету, ойын арқылы балалардың бойындағы тапқырлық, қимылдық әрекеттерін қалыптастыру. **Ән тыңдау:** «Балабақша бағында »К. Шілдебаев **Ән айту:** «Боталардың желісі » Е.Хасанғалиев **Әуенді ырғақты қимыл:** «Шөжелерім» ойыны **Ойын:** «Аю мен ара» **Шарты:** Балалар «аюлар» және «аралар» болып екі топқа бөлінеді. Залға гүлдер мен бал қиындылары | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тасталады. Аралардың әуені қосылғанда аюлар ұйқыға кетіп, аралар бал жинайды. Ал, аюлардың әуені қосылғанда аралар ұйқыға кетіп, аюлар бал жинайды. Әуен көңілді және баяу болып ауысып отырады. Ойын екі-үш рет қайталанып, ойын соңында қай топтың көп бал жинағаны анықталады. | | |
| **Баланың жеке картасына қарап баламен жеке жұмысты дамыту** | Сюжеттік ойындар арқылы балалардың ырғақтық сезімдерін дамытып, музыкалық есту, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру. | Музыкалық кейіпкерлердің қимылдарын көрсете отырып, музыкалық ырғақты сезімдерін дамыту, есту, есте сақтау қабілетін қалыптастыру. | Әуен ырғағы мен қимыл-қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру,көңіл күй сезімін ояту. | Музыкалық ойындар арқылы кейіпкерлердің іс-қимылдарын ажырата білуге үйрету, ырғақты есту, сезіне білу қабілеттерін дамыту. | Ырғақты сюжеттер арқылы суреттеп көрсете білуге үйрету. |
| **Құжатпен жұмыс** | Циклограмма жазу.<br>Ұйымдастырған іс-әрекетіне дайындық жұмыстары | | | | |
| **Топпен жұмыс** | Музыкалық-ырғақты қимылдар арқылы сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету дағдыларын дамыту. | | | | |

«Бекітілді»
Санаториялық үлгідегі
«Балдырған балалар
мекемесі» менгерушісі
________Д.С.Жумашова
номерленген__9__бет